

ОЙЫЛ

КҮМІС ҚОЛДА, ЖІГЕР ЖОЛДА



«Бақ қайда барасың - талапқа барамын» деген сөз тегін айтылмаса керек. Бүгінгі күні боз кілемде қарсылас шақ келтірмеген жас палуандарымыздың әр жеңісі - кешегі күнгі қажырлы дайындықтың, ертеңге деген сенімнің нәтижесі. Қасиетті Ойыл топырағында ерлік пен еңбекке деген ұлы құрмет бар, оны бүгінгі өрендер айқын көрсетті.

Бұл жеңісте аға жаттықтырушы Мейірхан Нұрбергұлының, жаттықтырушылар Алмат Маратұлының, Азат Әлімжанұлының, Нұрбек Санатұлының, Досымжан Қайдарұлының және Ержан Өрісбайұлының еңбегі ерекше. «Жақсының аты өшпейді, батырдың даңқы кетпейді» демекші, шәкірттеріне асқақ рух пен қайсар мінез сіңіре білген

бапкерлерімізге мың алғыс! Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Алайда ең үлкен сыйлық - туған жердің абыройын қорғап, ел намысын биіктеткендігі. Бұл тек бастамасы ғана. «Бүгінгі жетістік - ертеңгі ұлы жеңістердің кірпішін қалау» екенін жас палуандар

жақсы түсінеді.

Жеңістің жолы - табандылық пен төзімділікте. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» десек те, біздің палуандарымыз білек күшімен де, жүрек жігерімен де, намыс отымен де өрге өрлеп келеді. Қазақ күресінің қара шаңырағы саналатын Ойылдың көк байрағы әлі талай белестерде желбірейтініне сенеміз.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН:

ҚҰРМЕТ ПЕН МІНДЕТ!

21 СӘУІР КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, «ТАЛ ЕГУ» АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ.



Акция аясында жастар Ойылға кіреберіс жолдың сол жақ бетінде орналасқан саябаққа 50 түп жас көшеттер отырғызды. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!» демекші, адам ғұмырындағы ең үлкен істердің бірі - тал егу. Бұл біздің болашағымызға және Табиғат анаға жасаған үлкен сыйымыз. "Таза Қазақстан!" акциясы аясында аудан жастарының отырғызған жасыл желектері саялы баққа айналсын! Акцияға Ойылдан 40 жас атсалысты. Сонымен қатар, 30 оқушы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай "Таза Қазақстан" акциясы аясында Кеңес Одағының батыры Николай Николаевич Оноприенконың ескерткішінің ауамғында абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

Бұл жастардың отырғызған жасыл желектері саялы баққа айналсын! Акцияға Ойылдан 40 жас атсалысты. Сонымен қатар, 30 оқушы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай "Таза Қазақстан" акциясы аясында Кеңес Одағының батыры Николай Николаевич Оноприенконың ескерткішінің ауамғында абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

«КІТАПХАНАЛЫҚ АРБАТ: БІЛІМ МЕН ӨНЕР МЕРЕКЕСІ»

Әр халықтың рухани кемелдігін айқындайтын белгі - кітапқа деген құрмет. 23 сәуір күні Ойыл аудандық орталық кітапханасы Ұлттық кітап күніне орай «Кітапханалық Арбат - Кітаппен өрілген көше» атты мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырды. Ашық аспан астында өткен бұл ерекше шара руханият пен білімді ұштастырған шынайы мерекеге айналды. Жаяу жүргіншілер көшесі осы күні өзгеше кейіпке енді. Тұрғындар, оқушылар, студенттер мен кітапхана қызметкерлері шығармашылық көңіл-күйде бас қосты. Барлығының жүрегінде бір ниет - кітаптың маңызын сезіну, оны кейінгі ұрпаққа жеткізу еді. Іс-шараның ресми ашылуында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтау сөз сөйлеп, кітаптың адам өміріндегі маңызына ерекше тоқталды. Ол білім мен парасаттың бастауы ретінде кітаптың орнын атап өтіп, қоғамның дамуында кітапханалардың рөлі зор екенін жеткізді. Шара барысында кітапхана ісіне қолдау көрсетіп жүрген

мекеме басшылары мен тіл жанашырлары марапатталып, оларға Алғыс хаттар табысталды. Ұйымдастырушылар олардың еңбегін атап өтіп, кітап оқуды дәріптеуге қосқан үлестеріне ризашылық білдірді. Жиналған жұртшылыққа ерекше әсер қалдырған тағы бір сәт - кітапхананың тұрақты оқырманы Жанат Қуанышқызының жүрекжарды сөзі болды. Ол кітаптың адам өміріндегі тәрбиелік маңызына тоқталып, өзінің балалық шақтағы кітаппен дос болған сәттерін еске алды. Кітапханалық Арбат аясында ашық кітап серелері қойылып, түрлі шығармашылық көрмелер ұйымдастырылды. Балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалар мен қызықты ойындар ұйымдастырылды. Кітап пен өнердің үндескен бұл көрінісі көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Ұйымдастырушылар бұл шараны жыл сайын дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр. Мұндай бастамалар кітаптың құндылығын кеңінен насихаттап, қоғамда оқуға деген ықыласы арттыра түсетіні сөзсіз.

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН 1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер! Ардақты ағайын!

Баршаңызды татулық пен тұтастықтың мерекесі – 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын. «Бірлік – береке, ынтымақ – ырыс» деп білген халқымыз қай заманнан да татулықты ту етіп келеді. Осы тұтастық, берекелі тірлік біздің ел болып еңсе тіктеуіміздің ең негізгі шарты деп білемін. Сондықтан біз үшін бұл күннің маңызы ерекше.

Халқымыз ерте кезден-ақ ел бірлігін ерекше назарда ұстаған. Дала заңында әлсізге қамқорлық, араздасқанға ағайындық, жәбірленушіге әділдік көрсету бұлжымас өмір салтына айналды. Сол бабалар салған жолдан жаңылмаған біз бүгінде бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлік кешіп келеміз. Өткен ғасырда тағдыр талайымен тар жол тайғақ кешіп, қазақ даласын паналап келген өзге ұлт өкілдерін өзекке теппей, өз бауырымыздай құшақ ашып, қолұшын создық. Осы тұтастық бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылығына айналды. Сондықтан татулықты сақтау бізге жүктелген бабалар аманаты десек, артық емес.

XX ғасырда мыңдаған халық еліміздің өзге аймақтары секілді Ойыл топырағына тағдырдың айдауымен табан тіреді. Алайда олар өзге жерде өздерін өгей сезінген жоқ. Жергілікті жұрт жатсынбай, жақын тартып, бауырына басты. Қазіргі таңда Ойыл ауданында бірнеше ұлттың өкілі бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай күн кешуде. Олар болашағын Тәуелсіз елімізбен байланыстырып, біртұтас Қазақстанның бір бөлшегіміз деп сезінеді.

Құрметті жерлестер!

Тәуелсіздік – егемен еліміздің ең басты байлығы. Ал сол тәуелсіздікті ұстап тұру үшін ең алдымен татулық қажет. Сондықтан «Ұлы Бірлік идеясын» ұрпақ санасына сіңіре білуіміз тиіс.

Әрбір халықтың тілін, ділін, салт-дәстүрін, мәдениетін сақтай отырып мәдени іс-шараларды жүзеге асыру ұлттық мерекелер мен танымдық байқауларды ұйымдастыру арқылы өскелең ұрпаққа өнеге қалдыра аламыз.

Бүгінгі жас буынға ынтымақтаса іс атқаруды үйретуіміз керек деп есептеймін.

Ардақты ағайын!

Бір қауыздың дөңідей бір шаңырақ астында көктеген еліміздің іргесі әрқашан берік болсын. Айтулы мерекемен тағы да шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, әр шаңыраққа құт-береке, бақыт тілеймін. Тәуелсіз Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын. Елдігіміз еңселі, мемлекеттігіміз мәңгі, келешегіміз кемел болсын!

Ізгі ниетпен,
Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы ҚАЗЫБАЕВ

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КӨПТОҒАЙ ЖӘНЕ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ауылдық округтері әкімдеріне келесі кандидаттарды тіркеді:

Көптоғай ауылдық округі бойынша:

Асылбаев Ерлан Базарбайұлы - 1975 жылы дүниеге келген, Көптоғай ауылдық округінің әкімі, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған.

Ұлықпанов Қанат Ұлықпанұлы - 1990 жылы дүниеге келген, «Амангелді орта мектебі» КММ-нің мұғалімі, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Амангелді ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Шаутонов Жұмабай Мұхитұлы - 1994 жылы дүниеге келген, «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» КММ-і директорының м.у.а, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Шұбарши ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Саралжын ауылдық округі бойынша:

Әлжанов Мұрат Шыңғысұлы - 1983 жылы дүниеге келген, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамсыздандыру бойынша Ойыл аудандық бөлімінің бас маманы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Сағынғалиев Дастан Базарбайұлы - 1993 жылы дүниеге келген, «Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақжар ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Төжіғалиев Марат Тілепбергөңұлы - 1963 жылы дүниеге келген, Саралжын ауылдық округінің әкімі, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кемер ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

«КӨКЖАР ДАУЫСЫ - 2025»

ӘН - ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫ, ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІН КӨТЕРЕР ҚҰДІРЕТТІ КҮШ. СОЛ БІР ҚҰДІРЕТТІ ӨНЕРДІҢ АЙШЫҚТЫ МЕРЕКЕСІНЕ АЙНАЛҒАН «КӨКЖАР ДАУЫСЫ - 2025» БАЙҚАУЫ 20 СӘУІР КҮНІ ОЙЫЛ ТӨРІНДЕ ДҮРКІРЕП ӨТТІ.



Бұл дәстүрлі ән додасы биыл да өнерсүйер қауымды бір арнаға тоғыстырып, ауданның мәдени өміріне шуақты леп алып келді. Байқаудың негізгі мақсаты - ұлттық рухты асқақтататын патриоттық әндерді дәріптеу, жас өнерпаздардың өнер көкжиегін кеңейтіп, олардың шығармашылық әлеуетін шыңдау еді. «Өнер - өрге сүйрейтін күш» десе, осы жолы сахна төріне көтерілген 13 үміткер де өздерінің табиғи талантын паш етіп, өнер өлкесіне ұмтылған жас қырандай самғады. Олар 18 бен 45 жас аралығындағы ауыл-аймақтың ең таңдаулы дауыс иелері болды.

Байқау екі кезең бойынша өрбіді. Алғашқы кезеңде әр қатысушы Отанға, елге деген махаббатын ән арқылы жеткізсе, екінші кезеңде қазақ композиторларының әсем әндерін нақышына келтіре орындады. Өндердің барлығы жанды дауыста шырқалып, үміткерлердің вокалдық шеберлігімен бірге сахналық мәдениетіне де ерекше мән берілді. «Сахна - сынақ алаңы» демекші, әр өнерпаз өзіндік стилі, өзіндік үн сапасымен жұрттың жүрегінен орын алуға тырысты. Байқаудың әділ бағасын беріп, өнерге әділ төрелік еткен қазылар алқасы да осал болмады. Олардың қатарында «Аманат» партиясының Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы, аудандық мәслихат депутаты Еркін Жиеналин, халықтық «Шапағат» отбасылық ансамблінің көркемдік жетекшісі Боранбай Ешпанов, эстрада әншісі, мәдениет саласының үздігі Ермұхамбет Махметов және Ойыл балалар музыка мектебінің эстрадалық вокал пәнінің мұғалімі Аймен Әндірова болды. «Өнерге төрелік айту - жауапкершілігі зор іс» десек, қазылар әр үміткердің шеберлігіне жіті назар аударып, әділ шешім шығарды. Нәтижесінде, көпшіліктің қошеметіне бөленген Гүлназ Жолбаева бас жүлдені иеленіп, өнер көгінде жарқырай көрінді. II орынды Еркем Мүсіров жеңіп алса, III орынға Айнұр Наурызбаева мен Самал Омарова лайық деп танылды. Ал, ерекше өнерімен көзге түскен Темірлан Тұмышов арнайы жүлдеге ие болды. Әрбір қатысушы дипломдар мен алғыс хаттарға қол жеткізіп, жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Шара соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, мерекелік концертте ән әуеніне бөленді. Әнші жүректен төгілген әуен Ойыл аспанын тербеп, көңілдерді шаттыққа бөледі. «Өнер - халық қазынасы» дейді дана қазақ. «Көкжар дауысы - 2025» байқауы да осы қазынаның қайнарынан сусындаған жастарға үлкен серпін беріп, шабыттың шырағын жақты. Бұл күн - өнер сүйген Ойыл жұртының жүрегінде мәңгілік әсем саз болып сақталары сөзсіз.

«БІРЛІК МАРАФОНЫ» - МЕРЕЙДІ АСЫРҒАН КҮН



Өр халықтың құндылығы - бірлік пен татулықта. Биылғы 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні ерекше сән-салтанатпен аталып өтуде. Осынау мерейлі күнге орай дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Бірлік жарысы» марафоны Ойыл жерінде де жоғары деңгейде өтті. Өр жүректе мақтанаш ұялатып, әр қадамда сенімділік сыйлаған бұл шара - елдігіміздің, бірлігіміздің айқын айғағына айналды. Шараның ресми ашылуында сөз алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы барша қатысушыларды төл мерекемен құттықтап, бейбітшілік пен достықтың қадірін ұлықтады. «Ырыс алды - ынтымақ» екенін тілге тиек еткен әкім ел ішіндегі ұлтаралық татулықтың маңыздылығына ерекше тоқталды. Расында да, бүгінде қазақ жері - жүзден аса ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналды. Бұл - сабыр мен сыйластықтың, парасат пен пайымның жемісі. Оз кезегінде сөз алған спорт ардагері Марат Арystанов да спорттың адам өміріндегі рөлін ерекше атап өтті. «Дені сау ұлт - ұлт болашағының кепілі» дегендей, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндіріп, марафоншыларға ақ жол тіледі. Ресми бөлім Мемлекеттік Әнұранды асқақтата орындаумен жалғасып, көп ұзамай «Бірлік жарысы» басталды. Аспан көгінде қалықтаған Әнұран үнімен бірге көпшілік бір серпіліп алды, жүректерде елге деген сүйіспеншілік шоғын маздатты. Марафон барысында қатысушылар үлкен ынта-жігер мен нағыз спорттық рухтың үлгісін көрсетті. Әрбір қатысушының көзінен «Бірлік бар жерде береке бар» деген ұлағатты сөздің шынайы бейнесін аңғаруға болатын еді. Жеңіске деген ұмтылыс пен төзімділік, бір-біріне деген қолдау мен құрмет - бәрі де осы марафонның басты көрінісіне айналды. Жарыс соңында белсенділік танытқан қатысушылар мен жеңімпаздар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Ұйымдастырушылар барша қатысушыларға ризашылықтарын білдіріп, осындай шаралардың өлеміздегі бірлік пен достықты нығайтудағы рөлі орасан екенін баса айтты. «Бірлік жарысы» көтеріңкі көңіл-күймен, жарасымды жүздермен өз мәресіне жетті. Шаң көтерген жолдарда қалса да, жүректерде ұялаған бірлік пен бауырмалдықтың ізі мәңгі өшпек емес. Өйткені, «Бірлік түбі - береке» екенін тағы бір мәрте дәлелдеген күн болды бұл.

налин, халықтық «Шапағат» отбасылық ансамблінің көркемдік жетекшісі Боранбай Ешпанов, эстрада әншісі, мәдениет саласының үздігі Ермұхамбет Махметов және Ойыл балалар музыка мектебінің эстрадалық вокал пәнінің мұғалімі Аймен Әндірова болды. «Өнерге төрелік айту - жауапкершілігі зор іс» десек, қазылар әр үміткердің шеберлігіне жіті назар аударып, әділ шешім шығарды. Нәтижесінде, көпшіліктің қошеметіне бөленген Гүлназ Жолбаева бас жүлдені иеленіп, өнер көгінде жарқырай көрінді. II орынды Еркем Мүсіров жеңіп алса, III орынға Айнұр Наурызбаева мен Самал Омарова лайық деп танылды. Ал, ерекше өнерімен көзге түскен Темірлан Тұмышов арнайы жүлдеге ие болды. Әрбір қатысушы дипломдар мен алғыс хаттарға қол жеткізіп, жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Шара соңында барлық қатысушылар естелік суретке түсіп, мерекелік концертте ән әуеніне бөленді. Әнші жүректен төгілген әуен Ойыл аспанын тербеп, көңілдерді шаттыққа бөледі. «Өнер - халық қазынасы» дейді дана қазақ. «Көкжар дауысы - 2025» байқауы да осы қазынаның қайнарынан сусындаған жастарға үлкен серпін беріп, шабыттың шырағын жақты. Бұл күн - өнер сүйген Ойыл жұртының жүрегінде мәңгілік әсем саз болып сақталары сөзсіз.

АДАЛ ЕҢБЕК АЛҒА ЖЕТЕЛЕСІДІ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА 2025 ЖЫЛДЫ «ЖҰМЫСЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАНАТЫНЫН АЙТҚАН ЕДІ.

Сондай-ақ, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді президент Жолдауда. Елдің еңбекпен көркейетінін ескерсек, еңбек адамының қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз адал еңбекпен айналысып, ауданның ауыл шаруашылығы саласына үлес қосып келе жатқан жас жігіт. Ауданымызда ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті зор. Салаға мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қолдаулар да жеткілікті. Осы орайда «Шеркеш» шаруа қожалығының басшысы Бекжан Асхатұлы ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, ата кәсіптің ауданда дамуына үлес қосып келе жатыр.



Жас болса да, шаруа қожалықты тиімді дамытып қана қоймай, ауыл тұрғындарын мал азығымен қамтамасыз етіп отыр. Жеңілдетілген пайызбен қажетті техникаларды сатып алып, малды бордақылауға қажетті "Жоңышқа" өсімдігін өсірумен де айналысады. Кез-келген табыс пен жетістіктің артында маңдай тер мен адал еңбек тұруы тиіс. Бүгінде мал шаруашылығын дамытып отырған кейіпкеріміз қазір ауыл шаруашылығы саласында малшылар, тракторшы мамандар тапшы екенін де тілге тиек етті. «Еңбек етсең, қара жер де құр қалдырмайды» деп Абай атамыздың деп айтқаны бар. Ал оның еңбегі де оңай емес. Барлығына шыдамдылық пен сабырлық, тіпті төзімділік қажет» - дейді кейіпкеріміз.

ТЕККЕ ТӨГІЛМЕГЕН ТЕР БҮІККЕ ЖЕТЕЛЕДІ!

ӨР АЗАМАТТЫҢ ТУҒАН ЖЕР АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗЫ - ЕЛІНЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТІП, ДАҢҚЫН АСЫРУ. «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТҮЙНДІ ТІК» - ДЕГЕН ХАЛЫҚ САНАЛЫҒЫНЫҢ ӨНЕГЕСІНДЕЙ, ОЙЫЛДЫҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ АМАНДЫҚ ҒАБДУЛЛИН БҮГІНДЕ ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ АТҚАНАТӨРІН КӨТЕРІП КЕЛЕДІ.

2025 жылдың 18-20 сәуір күндері Ақтөбе қаласында өткен Президенттік көпсайыстан Ақтөбе облысының чемпионаты тағы да талай жігіттің бабын сынға салды, жасындай жарқылдаған жүйріктердің жолын ашты. Жас ерекшеліктеріне қарай өткен үш сайыстан тұратын додада жүзу спортынан Ойылдың намысын қорғаған Амандық ерлер арасында өз өнерін көрсетіп, қола жүлдені қанжығасына байлады. "Еңбек түбі - береке" дегендей, бұл жеңіс - тек бір сәттік емес, жылдар бойғы маңдай тердің, жылдар бойғы жаттығудың нәтижесі екені сөзсіз. Амандықтың өмір жолы - табандылық пен талаптың айқын көрінісі. Ол 1983 жылы Қайыңды совхозы, Көсембай ауылында дүниесі ашқан. 1990 жылы мектеп табалдырығын аттап, 2000 жылы білім



ордасынан қанат қақты. 2003-2008 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік пединститутында жоғары білім алып, туған ауылына қайта оралып, Көсембай негізгі мектебінде дене шынықтыру пәнінен шөкірттер тәрбиелеуді қолға алды. Бүгінде педагог-сарапшы мәртебесіне

«БЕЙБІТ КҮННІҢ БАҒАСЫ — ҰЛЫ ЖЕҢІСТЕ»



Ойыл аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен 23 сәуір — Ұлттық кітап күніне орай және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Түнгі кітапхана жобасы аясында "Бейбіт күннің бағасы — Ұлы Жеңісте" атты тағылымдық кеш өтті. Шараға "Ардагерлер" клубының мүшелері Аманорман Алтыбаев, Асқар Шамұлы, Болат Бақтыгереев және Мәдениет үйінің әншісі Боранбай Ешпанов, Ойыл аграрлық колледжінің студенттері мен аудан жастары қатысты. Алдымен кітапханашы Балнұр Қалыбекқызы "Бейбіт күннің бағасы — Ұлы Жеңісте" атты кітап көрмесімен таныстырса, әрі қарай жасөспірімдер әдіскері Айгүлім Мырзабек "Майдангерлер" өлеңін, Ойыл аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы Аяжан Бағытқалиқызы "Ғайша жең-

гей" өлеңін, Анар Мауленова "Жеңіс" өлеңін оқыды. Шара "Еркін микрофон" форматында жалғасты. Ардагерлер сұрапыл соғыс жылдарындағы қан майданда от кешкен жерлес аталарымыздың өрлік жолдарын айтып, тәрбиелік маңызы зор естеліктермен бөлісті. Ойыл аудандық орталық кітапханасының директоры Гүлжазирә Дәуленова келген қонақтарға алғысын білдіріп, "Ойыл" энциклопедиясын сыйға тартты. Шара соңында қатысушылар кітапханашыларға өз ризашылықтарын жеткізіп, кітап көрмесіндегі "Ойылдықтар — Отан үшін от кешкендер" атты естелік кітаппен жақынырақ танысып, шарадан ерекше әсер алды. Елі мен жері үшін қан майданда жанын қиған батырлардың ерен еңбегі әрдайым халық жадында сақталмақ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ — САПАЛЫ, ЗАҢҒА СӘЙКЕС БОЛУЫ ТИІС!

Жуырда аудан әкімі А.Қазыбаевтың төрағалығымен арнайы жиын өткізілді. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері мен есеп және мемлекеттік сатып алу бойынша айналысатын мамандар қатысты. Күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша Ойыл ауданы әкімі аппаратының басшысы Е.Тілепов «Ойыл ауданында мемлекеттік қызметті өткеру тәжірибесі туралы» Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділханов «Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру. Мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы өзгерістер. Бюджеттің игерілуі» туралы баяндама жасады. Жиын барысында, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнама талаптары мен ережелерін, мүдделер қақтығысы туралы мәселелер қозғалып, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берілді. Мәселен, аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Тілепов аудандағы мемлекеттік қызметшілердің үлес салмағы мен сапалық құрамы туралы олардың

біліктілігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, жіберілген кемшіліктер мен оған жол бермеу мақсатындағы жұмыстарды да жеткізді. Мәселен, мемлекеттік қызметшілердің тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек алу мақсатында облыстық және аудандық мемлекеттік мекемелерден тағылымдамалар өтуі де тұрақты түрде жүзгізіліп келеді. 2024 жылға 9 мемлекеттік қызметші жоспарланып, 9-да тағылымдаманы сәтті аяқтап, 2025 жылға 10 мемлекеттік қызметші жоспарланып, қазіргі таңда өздерінің функционалдық бағыттарына сәйкес облыстық мемлекеттік мекемелерден бес маман тағылымдамадан өткен. Сондай-ақ, бір маман аудандық мекемеден тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасыпты. Осындай жұмыстарға қарамастан қызмет көрсету барысында жіберілген кемшіліктер де жоқ емес. Жіберілген кемшіліктерге орай мемлекеттік қызметшілерге қолданылған тәртіптік шаралардың басым бөлігі аудандық прокуратурадан келген ұсыныстардың «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңна-

ма талаптары мен ережелерін бұзу салдарынан орын алып отырғаны да жасырын емес. Мысалға келісім шартта негізінде қызметтердің толық көрсетілмегеніне қарамастан және дәлелді құжаттарды талап етпей өнім берушіге қаражат аударып, заңмен көзделмеген жәрдем көрсетілгендігі, немесе жекжаттық туыстылығы бар адамдармен бір көзден шарт жасасып, мүдделер қақтығысын туындатып отыр. Мемлекеттік аппараттардың өз өкілеттіктерін іске асыруының тиімділігі лауазымды адамдардың кәсібилігіне байланысты. Мемлекеттік қызмет-бұл адамның тиісті білімі мен жұмыс өтілі, лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті белгілі бір білімі мен дағдылары, сондай-ақ моральдық, іскерлік және психологиялық қасиеттері бар кәсіби қызмет. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік мінез-құлқының жалпы қағидаттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен айқындалған. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасы алты қағи-

датқа негізделеді. Бұл-адалдық, ұқыптылық, әділдік, ашықтық, сыйайлық және клиентке бағыттаушылық. Әсіресе құмар ойындар мен бәстігу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтік көліктерді де жеке мақсатқа пайдаланбау баса айтылды. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге жол бермеуге, қарапайымдылық танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, қызметтен тыс уақытта өзінің лауазымдық жағдайын жақсартуға жол бермеуге тиіс, өз тарапынан тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен ұштасқан заңнама талаптарын бұзу, басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартпауға міндетті.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.**

дүниеден озуына байланысты көңіл айтады.

